


егемен

АБРАКАДАБРА

ҚҰСТАР, ҚҰСТАР, ҚҰСТАР...

Жанат ЕЛШІБЕК,
"Егемен Қазақстан".



Елең еткізер деректерді сүзгіден өткізе отырып, әр құстың тіршілік ету ортасына, олардың бір-біріне ұқсамайтын қасиеттері мен мінез-қылықтарына, сырт көз байқай бермейтін іс-әрекеттері төңірегіндегі тұжырымдары мен ойларын ғылыми дәйектемелерге негіздей тартымды өңгіме өрбітеді. Танымдық хикаялардың кез келгені қызғылықты оқиғаларға, нанымды да дәл деректерге құрылғандықтан да тұщымды оқылады. Әдемі өсерге бөленесің. Тұңғықтан жаһұт сүзгендей бұрын-соңды ұшыратпаған сирек фактілерді ұтқырлықпен ұтымды пайдалана білетін Есенғалидың жүйрік қиялы мен маздақ ойы әп-әдемі күйге түсіреді. Қай өңгімесі болсын жалаңдықтан ада, қайта ондаған, тіпті, жүздеген деректер зергерлік шеберлікпен сәтті киоластыра әдіптелген.

Осы орайда, ақынның көзге көрінбес қырларын да аңғару қиын емес. Ақын-биолог, ақын-құсбегі, ақын-орнитолог... Өз кәсібінің ұңғыл-шұңғылын бес саусағындай білетін көнігі маманша сөз қозғауы, қалтарысы қат-қабат тақырыбын қиналмай қаузап жазуы ұнаған. Әр штрихты, әр эпизодты ұрымтал тұста білділікпен, білгірлікпен өңгіме өзегіне айналдырады. Ұзақ уақыт талмай, тірнектеп жинаған әр қанаттыға қатысты деректерді де ұтымды сөйлетеді. Цифрлар мен дәйектерді жөн-жосықсыз тықпаламай, оқырманын жалықтырып алмауды қатаң

шаңға аунатып алғандай сұрғылтанып тұрады. Демек, аққу туғаннан аппақ боп тумайды. Ол әуелі сұрғылт қауырсынды бір құс болып өседі. Халық өлеңінде:

Айналайын қарағым, кекілдім-ай,
Балапаны аққудың секілдім-ай, —
дейді емес пе?! Байқап отырсаңыз “балапаны ақ қаздың секілдім-ай” демейді. “Ұйректің, бұлбұлдың, ләйлектің” де демейді, тек аққудың балапаны дейді. Себебі, анасындай аппақ болмаса да көгілдірдің көркемдігі көз тоярдай. Тіпті өспей-ақ осы қалпында тұра берсе де сүйкімді емес пе деген ой келеді.

Сөйтіп, аққу үш-төрт жасқа дейін аққа емес, сұр қу (егер осылай айту мүмкін болса) боп өседі. “Бесік баласы бес түлейді” деген мақалға сай ол да үш-төрт түлеп барып, шын аққуға айналады.

Орынды уәж, қисынды пікір. Қаламгер елімізді аралағанда да, қызмет бабымен шетел сапарларында жүрсе де тансық тақырыбы төңірегіндегі қызықты деректерге құлақ түріп жүреді. Қойын дәптерге түртілгендерін уақыт келгенде тиімді қолданады. Енді төмендегі сүйкімді қарлығашқа қатысты дерекке назар аударыңызшы.

“...Негізін туу сонау 1899 жылы дат ғалымы Х.Мортенсон салған құс сақиналайтын стансалардың дүние жүзі бойынша атақты бір бекеті — біздің Шақпақта құрылды. Әлбетте, оның бүгінгі хал-ахуалы туралы өңгіме басқа. 200-ге тарта құс түбегейлі қайта зерттеле бастады. “Аран торға” кей күндері құс мүлде түспейді, кейде керісінше жүздеп, мыңдап ілігеді. 1974 жылғы 6 мамырда бір тәулікте 12 832 құс, 1977 жылғы 3 мамырда 14 428 құс сақиналанып, өлемнің орнитологиялық бекеттері арасында Қазақстанның аты екі рет дүркіреген жылдар болған. Еліміздің абыройын Шақпақ бір асқақтатса, екінші рет бүкіл өлемді елең еткізген біздің кішкентай қарлығашымыз болды. Иә, көдімі қарлығаш. Ол оқиға былай болған: 1978 жылғы күзде Қазақстан Ғылым академиясының Зоология институты ғалымдары Шақпақта күнделікті жұмыстарымен айналысып жатады. Торға түскен құстардың арасынан бір қарлығашты сақиналап, ұшырып жібереді. Сол қарлығашты төрт күннен соң ит арқасы қияндағы Хакасиядан ұстаған орыс орнитологтары кіп-кішкентай құстың тәулігіне 800 шақырымнан астам жылдамдықпен ұшқанын есептеп, таң қалыпты. Бұған дейін оған ешкім баса назар аудармай, “Зерттеліп біткен нысан” ретінде жүрдім-бардым, ат үсті қарайды екен. Сонда ол сағатына 30 шақырымдай жерді ұшып өткен болғаны. Елді елең еткізген “Қазақстан қарлығашы” туралы кезінде бүкіл өлем басылымдары жарыса қазғаны есте.

Сондай-ақ, Есенғалидың деректі-танымдық хикаяларынан қанаттылар өміріне орай бұған дейін айтыла бермейтін жағдайларды, іә болмаса ғылыми сирек бақылаулар мен тәжірибелер санатына жататын деректерді ұшыратасың. Бәрін көгендеп тізбей, олжа-мысалдардың кейбірін ғана келтірейік.

“... Ақсұңқар кендікті ұнатады. Аспан асты, жер үстіндегі қыбырлаған аң, жыбырлаған құс — бәрі көз алдында болуға тиіс. Ұябасар кезінде ұнаған апанын тартып алатын арлан қасқыр секілді, қарғаның шырқау биікке салған ұясын иемденеді. Құзғынды, өрине, қуып шығады. Нақ 28 күн дегенде балапан шығарып, “нар баласын қарпып сүйеді” демекші, сарыауыздарын бірден қатал дембиелей бастайды. Олардың саны, әдетте 4-5-тен аспайды. Кейде одан да аз, жалшы, ақсұңқар топырлатып көп тумайды. Өзге құстар ұясына сәт сайын жем тасыса (мысалы, сарышымшық бір күнде 500-550 рет жем тасиды), ол балаларын тәулігіне екі-ақ мәрте тамақтандырады екен. Сонда сарышымшық әр 2-3 минут сайын, ақсұңқар 10-12 сағатта бір рет жем таситын болғаны ғой”.

Көп жұрт жақсы көретін дегелектің кейбір көпір қылықтары жантүршігерлік. Оны өз көзімен көрген Шыршық тұрғыны “Ләйлек балапандарын бас көтеріп, әл жинай бастағанда ұядан бір-бірлеп жерге лақтырып өлтіреді. Тірі қалғанын ұясына қайта салсаңыз, бөлінен бір-ақ тістеп бөліп тастайды. Мүлдем азайып бара жатқаны содан шығар. Жалғыз өмір сүруді қалайтын саяқ құс...” дейді жүрегі езіліп.

Ал жудырықтай қайшыауыз торғай қақаған қаңтарда адам аяғы жетпес шыршалы құз-тасқа жабысып жұмыртқа шайқайтын көрінеді. Қалайша қайран қалмайсың?! Пайғамбарлардың рахмет назары түскен, аты “Құранға” ілінген бәбісек, Талғар мен Есентай бойында кездесетін зымған, алып қанатты бір-қазан, қорқынышты құс — өуілдек, көмейінен құйқылықта өсем ән төгер бұл-бұл, тау түлегі ұлар мен дала еркесі дуадақ жайында да небір қызықты өңгімелерге қанасың. Құстар өлемінің құпиясы мол құбылыстарын тамашалаудан жалықпасаңыз және анық. Бейне қара сөзбен шертілген құстар жыры дерсіз. Тыңдай бергің келеді. Құлақ түрген сайын еңсең көтеріліп, көңілің асқақтай түсері сөзсіз.

Есенғалидың ләйлек туралы эссесінің әсері үстінде мен ақынның “Ғұмырнамам жазылып жатыр менің, Жыр дейтуғын бір құстың тіліменен...” деген өлең жолдарын еріксіз есіме алдым.

Дәл солай.

Таңсық тақырыпты ақын-жүрек қара сөзбен жырлайды

...Кешелі-бүгін көңілім айрықша аспандап, құстар өнін аңсаған көкірегім күйсандықтай күмбірлеген. Неге екенін білмеймін, тым шалғайда жүрсем де көз алдымнан мың бұралып ілгері ұмтылған Қараталым мен мұз құрсаулы көбесі биыл ерте сөгілген көгілдір Балқашым көлбеңдеп кетсейші. Құлақ түбінде талмай жаңғырған сәуірдің сиқырлы сазы. Қырлан лекіген алтынкүрек шым-шымдап бойға сіңіріп жатқандай.




Мінеки жудырықтай жүрегімді осылайша

асаудай тулатып, кеудеме сыйдырмай дөнен күй кешірген баспахана бояуы аңқыған ақын бауырымның кітабын өлсін-өлсін қолыма аялай ұстап, қайта-қайта парақтаймын. Құдды алғаш оқығандай құштарлана, ынтыға үңілемін. Имандай шыным, мен бұл дүниелерді жинақ боп бастары біріккенге дейін-ақ өлденеше мәрте оқығанмын-ды. Соңғы үш-төрт жылдың бедерінде “Жас Алаш” пен “Жас казак” газеттерінде жарияланған ғажайып өңгімелерді қиып алып сақтап жүретін едім. Оқта-текте қолым қалт еткенде сол сипаты бөлек, сыры ерек тамаша туындыларды қобаратып, бірінен соң біріне тебірене тесілетінмін. Сөз жоқ, қадірлі оқырман, Сіз де тап осындай мезетті бастан өткізгеніңіз жүйсіз. Сүйінші данасы тақауда “Жазушы” баспасынан жарық көрген кітаптың аты — “Құстар — біздің досымыз”. Авторы — белгілі ақын Есенғали Раушанов.

Құстар өлемі... Қанаттылардың тіршілігі мен өмірі — қазақ әдебиетіндегі таңсық тақырып. Екінші бірінші жүрегі дауалай бермейтін де мөлім. Ал Есенғалидың бұл кітабын ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді байыта түскен құтты ырыс, құнды қазына, соны жаңалық деуге өбден болады. Ақын өмір бойы тек қана құстарды жырлап келе жатқандай өдемі өсер қалдырады. Бұл топтама қаламгердің “Қара бауыр қасқалдақ”, “Періштелер мен құстар” атты жыр кітаптарының занды жалғасы іспетті көрінетіні де содан шығар. Жинаққа аққу, ақсұңқар, бірқазан, қайшыауыз, дегелек, бәбісек, қарлығаш, ұлар төрізді отызға тарта қанатты достарымыздың құпия сырларын ақындық шабытпен шалқыта сыр етіп шерткен қызықты да тартымды танымдық хикаялары енген. Сұлулық пен тазалықты, ізгілік пен адалдықты қастер тұтқан әрбір оқырманның бұл кітаптан алар тағылымы өте мол.

Жинақты парақтап, табиғат тылсымы мен құпия жұмбағына үңілместен бұрын қалың оқырманның сүйікті ақынына айналған Раушанов шығармашылығы хақында жүрекжарды лебізін пейілдене ақтарған қазақ жырының бүгінгі могиқаны Қадыр Мырза Әлидің пікірін қайталап еске түсіргенді жөн көрдік.

“XX ғасырдың сексенінші



жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін қазақ өлеңіне толқын-толқын боп жамырай келіп жатқан жас лириктерге толайым қозғау салып, сонына шөкірт ерткен, өз мектебін ашқан шайырлар көп емес. Қазақ поэзиясының классигі Есенғали Раушанов сол аз шоғырдан — санаулылар санатынан.

Бұл орайда оны мәдениеті зор ұлттық ақын деуге болады. Мәселе, қара өлеңге “шекпен жабуда” емес. Алдымен, ұлттық бояуы, нәр-нақышы, суреткерлік сыр-сипаты дәстүрлі фольклорлық, жыраулық қайнарлардан қайнап шығып, өлем әдебиеті үрдістерімен өдемі қойындаса келіп, әрі қазақтық, әрі адамзаттық асыл сөз сомдау даралығында...”

Поэзия тамыршысының әділ де, биік бағасына өзгелермен бірге біз де қуанғанбыз. Пердесіз пейілден төгілген лағыл лебіз есту — мерей, әрі үлкен міндет. Осы тараптан зерделерболсақ, кенен ойлы қаламгеріміз Есенғали да өзі құмарлана құлаған тосын да, таңсық тақырыпты еркін игергенін байқаймыз. Өрине, құстар өмірін, құстар тірлігін өлең ғып өрмеген өнерпаз некен-саяқ. Бірақ, есте қалар жауһарлары шамалы. Оны мойындағанымыз ләзім. Сөйтсе де сонау-у-у ызғарлы сексенінші жылдардың аяғында ауыздан түспей шырқалған “Қара бауыр қасқалдақтың” жөні бөлек. Жүрегіне кек ұялаған қазақтың символдық ұран-өлеңіне айналған баяғы сегіз жолдан тұратын семсер жырдың авторы Есенғали Раушанов екенін заманында біреулер білді, ал біреулер хабарсыз-ды. Бірақ, үлкен-кішіні үні ұлан-ғайыр еліміздің түкпір-түкпірінен саңқылдап естілгені айдай ақиқат. Кеудеге күш үйіріп, жүрек сыздатар өлең жолдары қазір де тіл ұшына орала береді-ай:

Қара бауыр қасқалдақ, қай жаққа ұштын пыр-пырлап?

Сазың қалды сөбидің еңбегіндей

Уя қалса иесіз — айдын үшін сол қайғы, Қаңғып келген шүрегей көлдің сөні

болмайды.

Дәуір дауылынан, тағдыр желінен қанаты қайырылмай жеткен періште жырлар биіктен-биікке самғап барады. Сөзіміздің айғақты куәсі — тілге тиек етіп отырған жаңа жинақ. Жоғарыда қадап ескерткендей бұл жолы ақын-жүрек құстар өлемін қара сөзбен жырлаған. Тың тақырыпқа түрен салған автор қанаттылардың тіршілік-тынысын сырттай тамашалап, сұқтана суреттеп қана қоймай, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталады.

қадағалайды. Ауыз әдебиеті мен фольклорда, эпостар мен шығыстың көне тарихи жазбаларында, кешегі ғұламалардың, бүгінгі ақын-жазушылардың өлең-жырларында құстарға байланысты айтылған үзіктерді орнымен пайдаланады. Өңгімелер ажарын ашқан мұндай жәйттерге мысалды көптеп келтіруге болады.

Аққу туралы көп айтылған, талай жыр-дастандар бар. Қызықты өңгімелер де жеткілікті. Ал төмендегі деректер елең еткізерлік.

“Аққудың алты түрі бар, оның бесеуі Солтүстік жартышарды мекендесе, біреуі ит арқасы қияннан да өрі экватордың арғы бетін қоныс етеді. Біздің жерімізді қыстайтын екеуі — сыбырлақ және сұңқылдақ аққулар”, — дейді ғалымдар. Соңғы кезде бұларға Тундрада жүретін қаздан үлкен, аққудан кішірек ақ құсты да қосып жүр.

Біздің пайымдауымызша, сыбырлақ аққуға жететін құс жоқ. Бағыс пен Шығыс анималист суретшілерінің арасында сыбырлақ аққудың суретін салмағандары кемде-кем. Әсіресе, өсем иілген мойнына келгенде қыл-қалам шеберлері ерекше шабыттанып кететінге ұқсайды. Мойны демекші, ерте-ерте, ертеде латын өліпбиін жасаған ғұламалар S әрпіне келгенде, ұй алдындағы хауызда бір-біріне еркелеп отырған қос аққуды көреді де, “табылды, өріп табылды” деп айқай салады. Бұл баяғы Архимедтің айқайындай, шын мәніндегі, мағыналы айқай еді. Содан соң бірсыпыра уақыт бұл өріпті “аққу мойын” деп атап келген көрінеді. Келе-келе бөрі де ұмытылған. Солай. Келе-келе бәріміз де ұмытыламыз...”

Бұл қардан да аппақ құс. Халық өлеңі қалай деуші еді:

Қарашада қар жауар қат-қат болып,

Табан асты қара жол батпақ болып.

Отыр ма екен, қалқатай жатыр ма екен, Айдындағы аққудай аппақ болып.

Автор өзі байқаған қызықты жағдайларға өзгелердің де назарын аудартады.

... Сонымен аққу бар, қара қу бар. Ал табиғатта бұл екеуіне қоса сұр қулар болалы десек сенер ме едіңіз. Ақтау қаласының маңында қыстайтын аққулармен бірге теңіз бетінде қаз-үйректер, теңіз шағалалары да жүзіп жүреді. Қала халқы құстарға тимейді. Әсіресе, аққулардың адамдарға бауыр басып кеткені сонша, қолдан жем жейді, үрікпейді, қорықпайды. Осында кейде сырт қарасаныз, қазға да, үйрекке де, аққуға да ұқсамайтын сұр, қоныр құстар қалқып жүреді. Бірінші көргенде бұл қандай құстар деп таң қалуыңыз мүмкін. Бәлкім, бізге беймәлім құстар тобы болар. Жоқ, олай емес. Бұлар аққудың балапандары, яки көгілдірлері. Неге көгілдір? Бұның себебі бізге бәймәлім. Көзге анық көрініп тұратыны — түсі көктен, көгілдірден гөрі күлге не

Иә, алыс қиырлардан құстар салған сиқырлы саз естілгендей. Мүмкін, менің көгілдір айдынды Балқашыма асыққан қанаттылар үні болар...